



Абылай хан: аңыз бен ақиқат

Абылайдың атасы «Қанішер Абылай» туралы әңгіме

Абылайдың атасы әуел баста «Абылай-Жолбарыс» атанған, оның «қанішер» атануына, шежіре деректеріне қарағанда, Қайып ханды өлтіруі себеп болған. Қайып та Есім ханның тұқымы. Насабы: Есім хан, одан Сырдақ сұлтан, одан Қысырау-Датқы, одан Қайып хан. Қайып хан Өз Тәукенің жанында жүріп көтерілген сұлтандардың бірі. 1715 жылдың жазында Өз Тәуке хан қайтыс болғаны деректерден белгілі. Осыдан кейін ұлы ханға ас беріліп, ел ағалары енді үлкен хандыққа Қайыпты дұрыс көреді. 1715 жылы Ресейге, Түркияға, Бұхарға аттанған қазақ елшілері Қазақ ордасында хан тағына Қайыптың отырғанын растайды. Қазақ мұрагерлік тәртібі бойынша билік ағадан ініге өтеді. Бірақ Қайып өзіне жүктелген міндетті орындай алмады, билік жүйесі әлсіреді. 1717 жылы Аягөз өзені бойында Қайып хан мен Әбілқайыр сұлтан отыз мың қолды бастап барып қалмақтан оңбай жеңілді. Қайып Түркістанға екі нөкерімен қашып келді, одан кейін қалмақтар дәндеп Арыс, Бөген, Шаян өзендеріне дейін келіп қазақты тағы да жаулады. Кейбір деректерге қарағанда хан билігін босатып алған Қайып Ресей көмегіне арқа сүйенбекші болады. 1716 жылы Тобыл қаласына келген Қайып ханның елшілері Байдәулет пен Бекболат егер орыс әскерлері қолдаса 30 мың әскермен қалмақты шабуға дайын екенін жеткізеді. Менің ойымша осы кездесуден кейін Түркістанға келген Никита Белоусов елшілігі Қайыпты көмектің болатынына үміттендірген сияқты. Басқаша Қайыптың 1717 жылы қалмақты Жетісудан бастап шаппай, Балқашты айналып барып Аягөз түбінен іздеуі түсініксіз болып қала бермек.



Екіншіден, қалмақпен соғыстағы жеңілістерден кейін елдің біразы Қайыпты тастап Түркістаннан Арқаға қарай көшеді. Бұл да қазақ дәстүрінде бар. Елмен санаспаған хандарды тастап көшіп кету бұрын да болған, бірақ бұл жолы Қайып Қазан губернаторы Петр Салтыковқа *«от такого калмыцкого разорения остальные уходцы прижались к Вашему владению, и они бедные и убогие люди...попадутся к вам в руки, и их прикажите казнить смертью без остатку...»* деп жазады. Әрине, бұл хаттардың мазмұны хан сарайындағы адамдар арқылы Қайыпқа наразы топқа бірден жеткені анық. Осылайша 1718 жылы Абылай-Жолбарыс Орта жүз батырларының қолдауымен Қайыпты Түркістанда өлтіреді де «Қанішер Абылай» атанады. Екеуінің арасында бас араздық бұрын болмаған. 1717 жылы Түркістанға Қазаннан келген Ф.Жилин бастаған елшілік Абылай сұлтанның үстінен арыз айтады. Елші арыз жазғанда «Қарнақ қаласында Қайып ханның інісі Абылай сұлтан үш мылтықты оқ дәрісімен алып қойды» дейді. Қарнақ қалашығында Түркістанға келген елшіліктердің адамдары орналасады. Түркістан мен Қарнақ арасы 25 шақырымдай. Қазақ саяси өмірінде өз ханын өлтіру өте сирек болатын оқиға, көшіп кету т.б. болған. Сол себепті Қанішер Абылайға Сырдақ сұлтанның тарайтын төрелер де, Салқам Жәңгірдің өзге тұқымы да т.б. наразы болады. Қазақ ортасында бұдан әрі қалу қауіпті болғандықтан Қанішер Абылай өзінің жанындағы төлеңгіттерімен, отбасын алып Үргенішке Хиуа хандығына қарай кетеді.

Жолбарыс Абылай – XVII ғ.соңы мен XVIII ғ. басында Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саяси өмірінде әжептеуір орын алатын сұлтандардың бірі. Оның насабы Жошы тұқымынан, яғни қазақ хандары шыққан алтын өзеппен жалғасады. Қазақ хандығын құрушылардың бірі Орыс хан шөбересі Кіші Жәнібектің тоғыз ұлы болған, соның бірі Жәдік. Жәдіктің ұлы Шығайдан бастап Қазақ хандығының үлкен хандары осы Жәдік тұқымынан сайланып отырды.

Шығайдан Есім, одан Салқам Жәңгір, одан Әз Тәуке мен Уәли-Бақы. Осы Уәли-Бақы деректерде «Абак», «Аула» атауларымен кездеседі де біздің тарихшыларды шатастырады. Уәли-Бақы Әз Тәуке ханмен ағалы-інілі туыс, әкелері бір, аналары бөлек. Мәшһүр *«Салқам Жәңгірдің екінші қатыны-Ғайша ханым-Қатаганның ханы Тұрсынның қызы. Мұнан туған –Уәлибақы»* дейді. Уәли-Бақыдан «Қанішер» атанған Абылай сұлтан, одан Көркем Уәли, одан Әбілмансұр, яғни өзіміздің Абылай туады.

Ораз аталық – Абылайдың тәрбиешісі

Ораз аталық Қанішер Абылай тұсынан бастап осы әулетке қызмет жасаған тұлғалардың бірі. Кейін Көркем Уәлиге қамқор болып, ол Үргеніште өлгенде оның баласы, өзінің тәрбиесіндегі Әбілмансұрды алып қашып Қазақ Ордасына келеді. Мен Көкшетау маңында

ескі сөзден хабары бар қариялармен осы тақырыпта әңгімелестім, бәрі де Ораз аталықты «жаугершілікте Абылайды жерошаққа тығып аман алып қалған» дейді. Қазақтың тарихи романдарында Ораз аталықты Абылай өлтірген-мыс деген әңгіме бар, бұл ешқандай шындыққа сай келмейді.

«Аталық» деген сөз сол заманда биік лауазым, мемлекеттік қызметкер. Шешіп айтсақ, аталық-хандардың ақылшысы, елшілік қызмет атқарушы, ханзадалардың тәрбиешісі. Өзі үшін жанын қиып, етекпен қан кешіп Үргеніштегі қырғыннан алып қашып келген қамқорын, ақылшысын Әбілмансұр қалай өлтіреді? Бұл жазушылардың кейде бір қиялға беріліп, күшті образ жасау мақсатынан шыққан жорамал. Ораз аталық жасы жетіп Көкшетауда, хан ордасы атанған Қызылағаштан 15 шақырым жерде өз ауылында, балашағасының алдында қайтыс болады. Ертеде ол жер «Оразбұлақ», «Аталықтың ауылы» аталған екен, қазіргі уақытта «Қарабауыр» атанады. Іздеген адам болса Бурабайдан тым алыс емес, таудың теріскей жағына ассаңыз 20-25 шақырым. Абылайдың тұқымы «Бабамның ауылы», «Бабамның жұрағаты» деп аса қастерлесе керек. Бұл сый Абылай тұсынан басталып Кеңес үкіметі орнағанға дейін жалғасқан.

Осыған байланысты бір мәселені ашып айтпасақ болмайды. Қазақ мемлекеттік-саяси құрылымында айрықша орыны бар «аталық» институты хандық билікпен бірге ел жадынан ерте өшті. XIX ғасырдың басында-ақ «аталық» деген сөздің мән-мағынасы қазақ үшін түсініксіз дүниеге айналды, сол себепті ауызша шығармаларда да, жазба шежіреде де түсінбеушілік кездесе бастайды. Егер біз XVII-XVIII ғасырлардың деректерін қолға алсақ сол дәуірдің тарихын тіпті басқаша елестеткен болар едік. Салқам Жәңгір тұсында хан сарайында қызмет атқарған Арыстан аталық Әз Тәукені тәрбиеледі, Арыстан аталықтың ұлы Барқы аталық Әз Тәукеден туған Болат, Сәмеке сияқты хандардың тәрбиешісі болды, Барқының ұлы Нияз аталық Әбілмәмбеттің тұсында бүкіл Сыр өңіріне билігі жүріп тұрды. Нияз аталықтың 1740 жылы Әбілмәмбет хан, Абылай сұлтанмен бірге Орынборда генерал-лейтенант В.Урусовпен кездескені белгілі. Деректерде «Потом пошли в кибитку и идучи вступил с генерал-лейтенантом в речь киргиз-кайсацкой Средней Орды знатнейший старшина Нияз-батыр, о котором известно, что он во время Шемяки-хана в Туркестане великую силу имел, а по смерти его Туркестаном управлял и Абулмамет-хана на ханстве утвердил. Оной Нияз-батыр присмотрен по азиатскому обыкновению весьма неглупым человеком и примечено, что он пред всеми старшинами большого преимущества требовал» делінеді. ХУІІ ғасырда елшілік қызметтерге Арыстан аталық ұлы Тантай батыр жүрді. Аталықтардың тағы бір әулетінен Құлтабай аталық, оның ұлы, атақты елші Тайқоңыр шықты. Санай берсек толып жатқан тарихи тұлғалар осы аталық әулеттерімен байланысты. Ораз аталықтың қызметін бағалау әлі алда болмақ.

Абылайдың «Сабалақ» атануы туралы

Қазақтың ауызша дәстүрі жас сұлтанды киімінің жалба-жұлба, шашы өскен, ұсқыны нашарлығына қарап Төле би «Сабалақ» атаған деген жорамалды ғана біледі. Мәшһүр *«Абылай он екі жасар бала күнінде Оразаулық (аталық) деген сарт бар, екеуі Түркістан шаһарына келіп, Әбілмәмбет патшаға қызметкершілік қылады. Ол жерде орнығып тұра алмай, Ұлы жүз Үйсін Төле бидің түйесін бағып жүреді. Онда да байырқаланып тұра алмай Сарыарқаға шығып, Атығай-Қарауыл деген елдің ішіне келіп, Дәулеткелді байдың жылқысын бақты. «Атың кім?» деп сұрағанға: «Атым Сабалақ» депті»* дейді. Бұл тым әсіреленген, қара халықтың өзінің түсінігіне ыңғайлаған жорамалы ғана.

Абылайдың туғанда азан шақырып қойған аты Әбілмансұр. Ресей мұрағаттарында «мусульманское имя Абиль-Мансур» деп жазылғаны сол себепті. Ораз аталық Үргеніштегі қырғыннан кейін Әбілмансұрды Түркістанға алып келгенін жоғарыда айттық. Әрине, аталық ханзаданың қауіпсіздігін ойлайды, сол себепті оны төрелердің қолына емес, қара қазақтың басшы азаматтарының бірі Төле биге апарып тапсырады. Қазақта ертеде кек қайтару деген жазылмаған ереже болған, төре тұқымдары арасында ол ереже тіпті қатал екені анық. 1748 жылы Әбілқайырды өлтіргеннен кейін Қырық сан Барак

сұлтанның жанын қоярға жер таппай қалмаққа қашпақ болған әрекеті, ақыры Қарнақта екі ұлымен бірге у беріп өлтірілгені бәрімізге белгілі емес пе?

Төле би ханзаданы жауларынан жасырып елден алысқа-түйешілері мен жылқышыларына қосып жібереді. Ол кезеңде жылқышылық қазақтың жауынгерлік мектебі есебінде. Бәз біреулер жазып жүргендей қазақта арнайы әскери мектеп болған жоқ. «Сабалақ» Әбілмансұрдың осы кезеңде алған жасырын лақап (инкогнито) аты. Қанішер Абылайдан қалған жалғыз тұяқты сақтаудың басқа амалы болмаған сияқты. М-Ж.Көпейұлы шежіресіне қарағанда Әбілмансұр туралы Бөгенбай батыр мен Бұқар жырау да білген. «Абылайхан» дастанында *«Бір күні жылқы ішінде отыр еді, Екі баран, бір қызыл атты келді, Сөйтсе олар –Қанжығалы қарт Бөгенбай, Келінті Төле бидің ауылын сұрай»* делінеді. Төле би Әбілмансұрды мақтап «қас төренің қалыбы екен, патша ізетті екен» деп қазақтың үш кеменгері жас ханзаданың одан әрі тәрбиесімен айналысады. Ол кезең қазақтың бірлігі бұзылып, жан-жақтан анталаған жау қасқырдай тартып жатқан «Ақтабан шұбырынды-Алқакөл сұлама» заманы. Қазақ мемлекетінің болашағын ойлаған азаматтар төре тұқымынан елдің басын құрап, үш жүздің атының басын бір кезеңге жеткізетін тұлға іздейді. Әбілмансұр ел алдындағы жауаптылықты он екі жасынан бастап арқалап өсті деуге болады.

Дәулеткелді ме, әлде Дәулетбай ма?

Төле бидің қолында бірталай жыл қызмет жасаған Абылай кейін Сарыарқаға келгені белгілі. Ауызша әңгімелер жас төре паналаған байдың атын бірде «Дәулеткелді», бірде «Дәулетбай» дейді. Мен өткен жылы осы мәселені анықтайын деп Көкшетау маңын араладым.

Абылайдың қамқорының аты Дәулеткелді емес, Дәулетбай, ұрпағы Жаман Жаңғызтаудың баурайында Өскен деген ауылда тұрады. Дәулетбай ішінде аталарынан аз-маз сөз ұстап қалған Қалитай деген ақсақалдың әңгімесіне қарағанда *«Абылай хан Төле бидің қолында жеті жыл мекен еткен, содан бір нәрседен сезіктеніп осы жаққа қашады. Арқаға келгенде Дәулетбайдың бас жылқышысына кездесіп, сендерге жұмыс істейік деп келіскен екен».*

Дәулетбайдың ауылына Абылайды кім бағыттағаны ақсақалдарға белгісіз. Ал енді Дәулетбайдың өзіне келсек, ол Қарауыл ішінде Жақсылық деген атадан, бір құлақ Қалдаман деген батырдың баласы. Қалдаманның «бір құлақ» аталатын себебі, ол заманда қазақ жылқыны Омбы жақта Үлкен Қарой, Кіші Қарой деген жерлерге қыстатады екен дейді ақсақалдар. Сол жақта жылқы қыстатып жүргенде үлкен бір төбелес үстінде Қалдаманның малақайы ұшып кетіп, содан бір құлағы үсіп кеткен, «бір құлақ» атанатыны сол себептен-мыс. Болса болар дедік, қазақтың ол заманда Ібір-Сібірдің ішіне еңдей кіріп, Құлындыда жылқысын емін-еркін жайлататыны – тарихи шындық. Ол заманда қазақтың төбелессіз жүрмейтіні де жасырын емес.

Жаңғызтаудың тағы бір тумасы Қойшыбай ақсақалдың айтуынша, Бір құлақ Қалдаман Қаройда бір бай жесір әйелге аяқ салып, одан бір ұл туып, сол бала кейін әкесін іздеп келеді. Бәйбіше жатсынбай, «дәулетім келді» деп қарсы алып, содан Дәулетбай атанып кеткен-мыс.

«Осы Дәулетбайға заманында жеті мың жылқы біткен екен. Жаман Жаңғызтау маңында Сасықкөл деген көл бар, сол көлге Қамсақтыдан шыққан Қарасай құяды. Жылқыны суаруға алып келіп, Сасықкөлге жапқанда бір тесік қалса бай: «Әй, балалар, бір үйір жылқы жоқ» дейді екен. Жылқыны осылай түгендейді.

Абылай келген соң байдың ауылына ұры да тимеді, малға мал, жанға жан қосылды, ырыс болып келді. Бір күні Дәулетбай таңертең ауылынан аттанып шығып, жылқының қосына келсе, Абылай ұйықтап жатыр екен, екі қолы екі жақта, екі аяқ екі жақта, дүниенің төрт бұрышын тірегендей жатыр. Дәулетбай оятпайды, бірақ ішінен мынау дүниенің төрт бұрышын аламын деп жатыр екен деп ырым қылады.

Содан Дәулетбай Абылайды үйіне шақырады, үстінде түйе жүн шекпені бар Абылай келеді.

Отыр дегенде, байдың жанына барып отырады. Екі көзі жанып, жанындағылардан аруағы артып, мысы басып кетеді.

Содан Дәулетбай сезіп, той жасап, қатын алып беріп, отау қылып шығарады, бас жылқышы болады.

Абылай Дәулетбайдың жылқысынан таңдап боз шұбар айғырды мінеді. Бұл айғырдың қасиеті жекпе-жекте иесіне көмектесіп, қарсыласын омырауымен періп құлатады екен. Бұл шамасы Шоқан Абылайдың алғашқы жауынгер аты деп сипаттайтын атақты «Жалын құйрық» болса керек.

Осы екі ортада қазақ пен қалмақ жанжалдасып, үш жүзден қол жиналып, Абылай да сойылын сүйретіп барады. Майдан даласында қалмақтың Шарыш деген батыры қазақтың екі батырын бірінен соң бірін өлтіріп, қазақ дағдарып тұр екен. Абылай астында айғыры, қолында сойылы бар, келе қалмаққа қарсы шауып, Шарышты аттан түсіреді. Сол жерде Атығай Жәпек батыр бар екен, Абылайдың астына ақ кигіз төсеп қарсы алады». Міне, бұрынғыдан қалған кәрі құлақтардың сөзі осы.

Әбілмансұр «Абылай» атын қашан алды ?

Тарихшылар мен әдебиетшілердің көпшілігі Әбілмансұрдың «Абылай» атын алуы Аңырақай шайқасынан кейін болды деген пікірді ұстанады. Бұл жерде бір гәп бар. Бүгінгі күнге дейін Аңырақай шайқасының қай жылы болғаны анықталған жоқ. Кезінде М.Қозыбаев пен Ж.Қасымбаев сияқты марқұм ағаларымыз екі ұдай болып айтысты, бірі 1729, екіншісі 1730 жылдар деп, қаншама дерек көздері сол кезеңде ақтарылды, сонда да соғыстың болған жылы нақты шықпады. Мен «Қанжығалы қарт Бөгенбай» атты кітапты жазудың барысында есептеп көріп едім 1729 жылы болғанға ұқсайды. Шынын айтқанда, анығын бір Алла біледі.

«Аңырақай» сөзі топоним есебінде ертеден белгілі, жел аңырап соғып тұратын жер. Мен Аңырақай шайқасын жоққа шығарайын деп отырған жоқпын, бұл жерде талай соғыстың, жаугершіліктің болғаны күмәнсіз, мәселе қалмақпен болған шешуші соғыс және Әбілмансұрдың «Абылай» атануы туралы. Жалпы Аңырақайға қатысты М.Тынышбаев жариялаған деректерді барынша қолдана беру керек. Оның аңыздарға, жер-су атауларына негізделген деректерінің құнына баға жетпейді және қазіргі кезде ондай дерек беретін орта да қалған жоқ.

Әбілмансұрдың қашан Абылай атанғанын анықтау үшін алдымен Абылайдың қай жылы туғанын анықтап алмақ керек. Егер біз Абылай 1711 жылы туды деген әдебиетте қалыптасқан жорамалды қолдасақ, онда Аңырақай соғысында жас төре 18 жаста болмақ, ал Абылай 1713 жылы туды деген пікірді қолдасақ, онда 16 жаста болмақ.

Қазақ деректері Әбілмансұрдың «Абылай» атануын қалмақтың атақты қонтәжісі Қалдан Сереннің туысы Шарыш батырмен жекпе-жекпен байланыстырады: *«Жиырмаға жасың толғанда, Қалмақпен соғыс болғанда, Алғашқы бақты тапқанда, Шарыштың басын қаққанда...»*. Үмбетей жырау бұл жерде *«жиырмаға жасың толғанда»* деп нақты уақыт межесін нұсқап тұр. Бұқар жырау бір толғауында *«Сен жиырма жасқа жеткен соң, Алтын тұғыр үстінде ақ сұңқар құстай түледің»* дейді (Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. 7 т. Павлодар, 2006. -6 б.). Біз Абылай 1713 жылы туды деген пікірді қолдаймыз, сонда оның Шарыш батырмен жекпе-жекке шыққан уақыты 1733 жыл болмақ, яғни тура 20-ға келген шағы.

Біздің қолымыздағы деректерге қарағанда 1733 жылы қазақ жасақтары Жоңғария шекарасына еніп қонтәжінің өзінің ұлысына тиіседі. Сібір шекара командирі И.Бухгольц 1734 жылы жоғарыға тапсырған баяндамаларында *«...Казачья орда прошлого году нападением своим на контайшины улусы учинили немалую обиду»* деп жазады (Международные отношения в Центральной Азии. XVII-XVIII вв. Кн.1, М., 1989. –с.292). Егер тарихтан хабары бар адам болса, ол 1730-1740 жылдар қалмақ-қытай арасындағы

XVIII ғасырдағы үшінші соғыстың болғанын біледі. Бұл бірде басылып, бірде ушығып кететін шайқастардың кезінде қазақтар да батыстан қалмақтарды тықсыра бастаған. 1731 жылы Шақшақ Жәнібек бастаған 6 мыңдық қазақ әскері дербеттерді шауып, қалмақтың қарауыл әскері Қамар Дабан (қазіргі уақытта Хабар-Асу аталады), Қалмақ Толағай тауларына дейін шегінді, 1732 жылы орыс елшісі П.Угримов қазақ жеріне аттанған «қалмақ жасағының түгел сонда қалғанын» баяндайды. Осыдан қорытынды жасасақ, Бөгенбай жасақтарының 1733 жылы ойрат жеріне ішкерілей енуі және Қалдан Сереннің өз ұлыстарына батыл тиісуі заңды. Қалмақ құжаттарында Абылаймен жекпе-жекке шығатын Шарыш батыр контәжінің жақын туысы делінеді.

Осы сияқты толып жатқан қисындар бізді Әбілмансұр-Сабалақтың Абылай атанатын шайқас 1733 жылы болды деген тұжырымға итермелейді.

Енді Абылай қашаннан бері хан атанды деген мәселеге келейік. Қазақ саяси-билік жүйесінде қалыптасқан тәртіп бойынша, Шыңғыс тұқымының бәрі хан атана бермейді. Ол атақ ағадан ініге беріледі және мұрагерлік ережелері бойынша реттеледі. Қазақта әлі күнге дейін әр түрлі жиындарда «менің жолым еді» деген сөзді естіп қаласыз. Жол адамның жасына бағынышты емес, генеалогиялық сатыдағы орнына байланысты. Мысалы, менің немере ағайындарымнан жасым кіші, бірақ жолым үлкен, себебі генеалогиялық сатыда мен олардың әкелерінің қатарында тұрмын. Шыңғыс тұқымын қазақ «төре» деп атайды. Бір ескеретін мәселе бұл сөз өте көне ұғымдардың бірі, төре – билік иесі, мемлекет қызметкері деген мағынадағы сөз. Бірақ қарапайым төренің бәріне қазақ бас иемейді, көшпелі қоғамда әр қауым (ру, тайпа) ата тәртібі бойынша өзінің би-батырларының соңына еріп өмір сүре береді. Жаугершілік заманда бірнеше ру-тайпа қосылып ұлыс құрайды, яғни мемлекеттің нақты әскери-әкімшілік бөлігіне айналады. Осы ұлыстарды төрелерден шыққан сұлтандар басқарады. Әбілмансұр 1733 жылғы жекпе-жектен Абылай атымен бірге өз бетіне жеке ұлыс және сұлтан атағын алып шықты. Қазақтың «*жігіттікте жаннан без де іс қыл, өлсең өлерсің, өлмесең кісі боларсың*» деген сөзінің дәлелі осы. Абылайға ұлыс есебінде берілген Көкшетау маңындағы атығай-қарауыл, керей-уақ, қанжығалы рулары. Қазақ ауызша дәстүрінде «Сұрасаң Абылайдың тұрған жерін, Хан болды 48 жыл Көкшетауда» делінетіні осыдан. 1740 жылы В.Урусовтың сұрағына Абылай осы үш елді атаса керек: «салтан объявил, назвав три имеющиеся у него рода, ис которых-де в первом семей с шесть тысяч, во втором-з десять тысяч, а третьем-с четыре тысячи».

Сонымен қазақтың «Хан болды 48 жыл Көкшетауда» деген сөзінің шешімі осы. Егер 1733 жылдан бастап санасаңыз, 1781 жылға дейінгі кезең. Бұл біздің жоғарыда айтылған Абылай 1713 жылы туды деген жорамалды бекіте түседі.

Сұлтандық атақтың «боз биенің сүтіне шомылдырып, ақ кигізге отырғызып» ресми бекітілуі ауыз екі деректерге қарағанда, 1734 жылы Баянаула жерінде Сабындыкөлдің жағасында болды. Белгілі ақын, қоғам қайраткері Олжабай Нұралыұлы «Сабалақ» атты ұзақ өлеңінде:

Баянаула Сабынды көл басында,

Үш жүзге шықты Абылай хан сайланып.

Мың жеті жүз отыз төртінші жылында еді,

Үш жүздің басын қосқан жиын еді,- дейді.

Қазақ қоғамында кез келген қоғамдық мәселені ресмилендіру елдің азаматтарының басы қосылған жиындарда іске асады. Көбінесе мемлекет мәселесіне, оның ішінде хан сайлауға қатысты мәселелер үш жүздің басы қосылған «қаз» жиындарында талқыға түседі («*Ашуланба Абылай, ашулансаң көрермін, көтеріп қазға салармын*» Бұқар жырау). Үш жүздің басы қашан қосылады-ұлы астарда қосылады, не елдің арасынан осы жиынның шығынын, сойыс малын көтеремін деп шүлен байлар шығады. Жоғарыда айтылған Сабындыкөл жағасындағы бас қосуды қанжығалы руының Абыз, Шомақ аталатын ағайынды азаматтары ұйымдастырған екен. Осы жиында ел болып келісілген шешім заң болып есептеледі. Бұл жиындарға үлкен дін иелері шақырылады, басқа да сауатты

адамдар болады, бірақ шешім арнайы хатқа түсті деген деректер жоқ. Менің ойымша Абылайдың сұлтан сайлануы жауынгер азаматтардың «қаз» сияқты бас қосуында көтеріліп, үш жүздің көсемдері жиналған жиында 1734 жылы бекітілген. Абылайды Орта жүзге сұлтан сайлады. Қазақ жеке ұлысы бар сұлтандарды «хан»деп дәріптей береді, кейде «кіші хан» немесе «желте хан» деп те атайды. Абылайдың «кіші хан» деңгейінен өтіп «үлкен хан» тағына отырған уақыты 1771 жыл. Осы жылы Әзіреті Сұлтанда қазақтың үш жүзінің ең таңдаулы азаматтары, Түркістан-Тәшкент өңірінің отырықшы сарт –құрама қауымдарының өкілдері Абылайды ақ кигіз салып көтеріп қазақтың үлкен хандары отыратын алтын таққа отырғызды.

Осы 1734 жыл дегенде тағы бір мәселе еске түседі. 1733 жылы қазақтың үлкен ханы Сәмеке (Шахмұхамбет) Тәукеұлы Орал башқұрттарына (естек) жорық жасап, бірақ жорық туралы Әбілқайыр алдын ала ресейліктерді хабарландырып, олар естектерді дайындап қойғандықтан, тас-талқан болып жеңіліп, туын тастап, қашып келеді. Сәмеке мен Әбілқайыр арасындағы бақталастық жоғарыда айтылған Аңырақай шайқасынан басталады («*Үлкен Орда қонған, Кіші Орда қонған*». М.Тынышпаев). Сәмеке мен Әбілқайыр арасындағы бақталастықтың себебі «Ақ табан шұбырындыда» Болат хан өлгеннен кейін босаған үлкен ханның тағы екені сөзсіз.

1734 жылы Орынборды салушы бригадир И.Кириллов патшадан Сәмекеге деп алып келген хатты ханға тапсырмаған. Осылайша Сәмеке 1733 жылдың соңында не ауыр жарадан, не Ресеймен енді көрмейтіндей реніштен саяси мәселелерге араласуын тоқтатты. 1734 жылы Сабындыкөлде үлкен тақ туралы әңгіме болды ма, ол жағы бізге белгісіз, бірақ таққа Болат хан ұлы Әбілмәмбеттің Әз Тәукенің мұрагері ретінде ұсынылуы заңды деп есептейміз. Кейбір деректерге қарағанда 1736 жылы Сәмеке әлі тірі. К.Миллердің «Күнделігінде» 1738 жылы Түркістанға үлкен таққа ие болу үшін келген Әбілмәмбетпен кездескені айтылады. Ресей деректерінде Әбілмәмбет 1739 жылы Түркістанда үлкен хан болып сайланды дейді. Ендеше біз Сәмеке хан 1737 жылы қайтыс болды деп есептейміз. 1737 жылы Ордың Қарағашында Орта жүздің Қаз дауысты Қазыбек биі бастаған көсемдерінің Әбілқайыр ханмен бірнеше бас қосулары, Ресеймен белсенді түрде араласу, Орынборды хан ордасы ретінде қазаққа беруді талап ету т.б. іс шаралардан Сәмеке өлімінен соң үлкен хан тағына Әбілқайырдың да басты үміткер болғанын аңғартады.

Абылайды қалмақ тұтқынынан кім босатты?

Бұл оқиғаға қатысты оқырмандар арасында әртүрлі пікір бар. Олардың біразы Абылайды тұтқыннан босатуды Ресей талап етті дейді, біразы қазақтың өзінің игі-жақсылары тарту-таралғыларын алып барып босатып алды дейді. Елшіліктің құрамы туралы да бірізділік жоқ, әркім өзінің атасын Абылайды босатушылардың қатарына тіркей береді.

Абылай сұлтанның 1741 жылы қалмақ қолына тұтқынға түскені рас. Қазақ шежіресінде бұл оқиға бүге-шігесіне дейін баяндалған. Қалдан Серен осы жылы қазақ даласына Септен, Сары Мәнжі батырлар және өзінің үлкен ұлы Лама Доржы бастаған үш жасақ жібереді. Септен Ертістен, Сары Мәнжі Жетісудан, Лама Доржы Балқаштың солтүстігімен аттанады. Қазақтың «Сүзекінің қолы» деп атайтыны осы, «сүзекі» балық аулайтын ау сияқты құрал (орыстар «бредень» дейді). Расында да сүзекі сияқты болды. Қалдан Серен үш жасаққа қосымша қалмақтың кәрі көкжалдарының бірі, Бошохту хан заманынан белгілі Жалбы батырды жібереді. Жалбы батыр Абылайды Ұлытауда ұстады.

Абылайды тұтқыннан босатуға Ресейдің орталық үкіметі емес, Орынбор араласқаны белгілі. И.Неплюев капитан К.Миллер деген қазақ тілін жақсы білетін офицерді Қалдан Серенге елшілікке аттандырады, оның жанына жолбасшы қылып Шақшақ Жәнібек батыр өзінің інісі Байқұлақ батырды қосады. К.Миллерді Қалдан Серен қабылдамайды, ол Жетісуда шекарада тұрған Сары Мәнжімен ғана сөйлеседі, оның өзінде де көп тосып барып. Байқұлақты қалмақтар К.Миллердің көзінше азаптап өлтіреді, неге орыстарды алып келдің деп. –Міне, И.Неплюевтің көмегі деп жүрген әңгіме осы.

Біздің тарихнамада Иван Неплюевтің қазақ жерін отарлау саясатына қосқан үлесі, оның Орынбор мен Омбыдан әскер төгіп қазақты бағындыру жоспары, Барақты айдап салып Әбілқайырды өлтіртуі т.б. сойқан істері арнайы зерттелген жоқ. Ол түгілі біз ХІХ ғасырдың ортасында Орта Азияның қалай жаулап алынғанын, қазақ пен сарттың, қазақ пен өзбектің арасы қалай ашылғанын, қазақтың датқаларын орыстың қалай пайдаланғанын т.б. мәселелерін білмейміз.

Абылайды босатуға, біздің қолымыздағы деректер бойынша, тікелей ат салысқан, елшілікке барған адамдардың ішінде Қаз дауысты Қазыбекті атау керек. Оның *«Сен қалмақ та, біз қазақ, Қарпысқалы келгенбіз...Берсең жөндеп бітіміңді айт, Бермесең дірілдемей жөніңді айт, Не тұрысатын жеріңді айт»* деген сөздері осы елшіліктің кезінде айтылған. Бұл Қазекеннің 77 жасында айтқан сөзі. Екінші адам –Малайсары батыр (1708-1754 жж.). Қалдан Серен оған тархандық атақты осы 1743 жылы берді. Қазақтың маңдай алды батырларының бірі, елі де басына көтеріп сыйлаған азамат, әйтпесе Алатаудың бір жотасына батырдың атын береді ме?! Үшіншіден Әбілмәмбет хан мен Нияз батыр. Әбілмәмбет баласы Әбілпейізді Нияз батыр алып барып Қалдан Серенге ақ үйлі аманатқа тапсырды. Сіз өзіңіздің үміт күтіп отырған ұлыңызды, кара шаңырақтың иесін жаудың қолына тапсырып көріңізші...

Ал бұл әңгімені қорыта келсек Абылайды босатқан алдымен Қалдан Сереннің өзі. Қазақ шежіресінде сақталған деректер Қалдан Сереннің Абылаймен тіл табысқанын, екеуінің де терең ойлы көсем екенін, екеуі де өз елдерін осы қысталаң заманнан қалай аман алып шығамын деп қабырғасы қайысқан азамат екенін дәлелдейді. Осы түсіністіктің нәтижесінде екі елдің арасында одақтастық, достық туралы келісім жасалды. Енді келіп осы хабар жеткенде орыстың қалай қыпылықтағанын білсеңіз, сіз көп мәселені түсінер едіңіз. Осы сияқты Қалдан Сереннің 1745 жылы кенеттен қайтыс болғанын да әлі зерттеу керек.

«Атаңа алты қатын алып берген, Атығай-Қарауылдың баласымын...» дейтін өлең қаншалықты шындық?

Арыстанақынның Кенесары ханға айтқан өлеңі қазаққа белгілі. Бұл жерде Абылайдың ордаларының Атығай-Қарауыл ішінде орналасқаны айтылады.

Абылайдың 12 әйелі болғаны белгілі. Менің білуімше олардың ішінде Атығай-Қарауылдан алғаны бірінші бәйбішесі ғана, «алты орда» деп бұл жерде Атығай-Қарауыл ішіндегі Көкше жеріндегі Абылайдың ордаларының саны айтылып тұр. Он екі әйелдің алтауына орда тігілген, қалғандары соларға қоңсы қонған болып шығады. Бірінші әйелі-Қарашаш ханым –Шоқан жазбасында төре тұқымынан, ал Мәшһүр жазбасында *«Абылай ханның -Қарауыл қызы-алғашқы алған бәйбішесінен ұл жоқ, жалғыз қыз болды, ол қыз Жамантай ханның шешесі»* делінеді. Ханның екінші әйелі -Сайман ханым –қарақалпақ қызы, үшінші әйелі-Бабақ ханым- Қашғариялық Кенже сарт деген бектің қызы, төртінші әйелі – қазақ-қарақалпаққа танымал Сарғалдақ қожаның қарындасы, бесінші әйелі – Топыш ханым – Қалдан Сереннің туысы Хошу мергеннің қызы, алтыншы әйелі – Тоқта ханым-ол да қалмақ ноянының қызы, жетінші әйелі – Тәтіш ханым-Алатау қырғыздарынан алғаны, сегізінші әйелі Өрес сұлу –ханым ол да қалмақтың қызы, Тулақ ханым, Сайын Көбен, Шаған ханым, Мунтум атты қалмақ әйелдері болған. Сонымен он екі әйелдің жетеуі қалмақтың қыздары болды. Бұлардан туған отыз ұл, қырық қызды таратсақ үлкен кітап болып кетеді.

Қызылжарда «Абылайдың ақ үйі» бар...

Ресей үкіметі тек Абылай ханға ғана емес, қазақтың сол кездегі басшы азаматтарының біразына өздеріне қаратпақ болып сыйлық ретінде ағаштан қиып үй салып, мешіт көтеріп, жылына 100-200 пұт ұн беріп отырған. Бұл бір жағынан қазақ басшыларын бақылауда ұстау үшін керек болды, екіншіден оларды отырықшылыққа бейімдеп жауынгерлік рухын

түсіру міндеті көзделді. Абылайға үйді ең алдымен Қызылжарға жақын Жаман Жалғызтау (орысша әлі күнге «Яман Янгустау» деп аталады) деген жерде 1765 жылы салады.

Осыдан бір-екі жыл бұрын газет бетінде осы мәселе көтеріліп бірсыпыра әңгіме болды. Менің журналист ағайындарымның ішінен «Абылайдың ақ үйін» жақтағандар да бар, қарсы да пікірлер болды. Бірақ екі жақ та Абылайдың ордасын Көкше маңынан іздестіруді ұсынып, Жаман Жалғызтауды ескерген жоқ. Біріншіден, орысша деректердегі «Енгистау»(Енгустау) сөзін біреуі «Иен қыстау» (Ж.Самрат), екіншісі «Жаңақыстау» (З.Тайшыбай) деп, оны Қылшақты өзенінің бойынан іздеуді ұсынды. Қылшақты өзені Абылай ордасының жаз айларында көшіп-қонып жүретін жері, деректерге қарағанда ханның жазғы ордасының маңында аздаған егіншілік те болған. Қылшақты кезінде Көкше өңіріне көрік берген тамаша өзен. Қазіргі күні Шортандыдан (Щучье) Көкшетауға қарай жүрсеңіз бірнеше жерде осы өзенді кесіп өтесіз, бірақ өзеннің құрғақ арнасы болмаса, басқа ештеңесі де қалмаған, не суы жоқ, не қаз-үйрегі жоқ, не жағалай қонған ауылы жоқ. Ұзындығы 100 шақырымға жетпейтін өзен оншақты жерден буылған, біздің шаруашылық басшыларының кейбір әрекеттеріне қарасаң жаның түршігеді.

Осы Қылшақтыда егіншілікті бастамақ болып Қызылжар бекінісіне басшылық жасаған генерал-майор Деколонтан 1763 жылы Абылайдың егіншілік кәсіпті игеруге, жаз уақытына он орыс шаруасын, соқаларымен, балық аулайтын құралдарымен бірге сұрағаны рас. Бұл кезде Абылайға орыстар әлі үй салып берген жоқ. Қазақтың басшы азаматтарына үй, малдарына қора салып беруді 1761 жылы Сібір шебін басқарған Веймарн қозғағаны белгілі. 1764 жылдың басында Ресей сыртқы істер Коллегиясы осы мәселені қайта көтеріп, Сібір шебінің жаңа басшысы генерал-майор Фрауендорфтан құрылысты тездетуді талап етеді *«ему о том припамятование учинить, и буде помянутая речка в самом деле не в дальном от здешних границ расстоянии и он согласится, то на оной или в другом месте и действительно для него построить хоромы»* (Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. (Сборник материалов и документов). Алма-Ата, 1961. с.663).

Бұл жерде бір ескеретін мәселе бар. 1761 жылы Веймарн да, 1764 жылы Сыртқы істер Коллегиясы да Абылай ордасының Ресей шебіне жақын болуын бірінші орынға қойған, бұл бақылау жасауға, бағыныштылықты күшейтуге мүмкіндік береді. *«При здешних границах поселению и знатнейших тамошних старшин склоняеть надлежит, не выпуская сего полезного намерения никогда из виду»* делінеді Ресей Сыртқы істер Коллегиясының Сібір шебінің басшыларына арналған Жарлығында. Осы себепке байланысты Абылайға арналған үй Шортандының сыртынан бастап Қопаға қарай ағатын Қылшақтыдан емес, Есілдің бойына таяу, Қызылжардан таңертең шығып түс болмай жетіп келетін Жаман Жалғызтаудан салынған.

Көкше маңында екі Жалғызтау бар, жергілікті қазақтар Жалғызтауды «Жаңғызтау» дейді, бұл тілдің жергілікті ерекшелігі болса керек (орысша «говор» делінеді). Жақсы Жалғызтау (орыстар «Якши-Янгистау» дейді) Көкшетаудан оңтүстік-батысқа қарай, Үш Бұрлықтан (Аққан Бұрлық, Иман Бұрлық т.б.) төмен, ал Жаман Жалғызтау Көкшетаудан солтүстік-батысқа қарай, Имантау, Айыртау сияқты Көкшенің күн батыс қапталындағы әдемі таулардан жоғары.

Жаман Жалғызтау «Жаман» аталғанымен қадірі басқа таулардан жоғары. Бұл Сарыарқадағы ән өнерінің ортасы, атақты Ақан сері мен Үкілі Ыбырай мекен еткен, сол дәстүрді Кәкімбек ағаларымыз әлі де жалғастырып отырған жерлер. Менің әкелерімнің ескі қыстауы да «Жаман Қандыадыр» деген Баянның бір сілемінде орналасқан. «Жақсы Қандыадыр» Әлкей Марғұланның аталарының қыстауы. Бала кезімде әкем «біздің қыстауларды неге Жаман Қандыадыр деп атаған» деген сұрағыма «қыста боран-шашыны көп, қары қалың болған соң «Жаман» деп атайды, басқа жамандығы жоқ» дейтін. Бұл Жаман Жалғызтауға да қатысты деген пікірдемін.

Жаман Жалғызтау қарауыл елінің мекені деп есептеледі. Жалғызтаудың сыртындағы Тарақты аталатын көлді ертеде Абылай хан атығай Құлсары батырға беріп, кейіннен Құлсары батыр сол жерге жерленген екен. Қазір осы маңдағы ел «әулие» деп басына

кесене көтеріп, тәу етіп отыр. Абылайдың Құлсары батырға Жаман Жалғызтаудан қоныс беруі хан ордасын солтүстіктен қорғау мақсатында жасалды ма деймін. Ол кезде тұрақты әскер жоқ, хандар ерлігімен танылған, маңайында жігіттері мол батырларды ордаға қауіп келеді деген жерлеріне отырғызады. Бұл да Жаман Жалғызтаудың хан ордасы қызметін атқарғанына мысал болса керек.

Жаман Жалғызтауда хан ордасының болғанының бір мысалы елдің ру-тайпалық құрамы. Бұл жерде әр атаның баласы мекен етеді, олардың ішінде ертеде Абылаймен бірге келіп еді дейтін Сәбден батырдың да тұқымдары бар. Жергілікті ел оларды қарауылдың ішіндегі «қалмақ» дейді, шын мәнінде ертеден хан-сұлтан ұрпақтарына қызмет еткен төлеңгіт әулеттерінен болса керек.

Жаман Жалғызтауда Абылай хан ордасының болғанының тағы бір дәлелі «Ботақан өлген» деген шоқ ағаш. Бұл атақты «Абылай аспас Арқаның Сарыбелі» атанған 1779 жылғы оқиғаның куәгері. Ол заманнан бері талай уақыт өтті, жер бедері де өзгерген, көлдер құрғаған, бірақ оқиға болған жерден ұраның ізін, қыстаудың орынын т.б. жіті қараған адам аңғарады. Жаман Жалғызтауды аралатып жүрген Жақсылық құда «Ботақан өлген» шоқ ағашын етектей бертінге дейін «Бәтен көлі» аталатын көлдің болғанын айтады, қазір суалған, мына жерде көл болды дегенге сенудің өзі қиын. Бәтен көліне қиялай үлкен өзек жатыр. Абылай хан мен Тұрсынбай батырдың Бекболат және Едіге билермен кездесетін Жолды өзегі осы болар дедік.

Ертеде бұл жер Есілді қуалап Қызылжарға дейін баратын сауда жолының бойы. Малдың қамымен Есіл мен Нұраның еңдей жайлайтын Бес Мейрам балаларының күз уақытында базар шығатын қаласы да Қызылжар болғаны анық. Ертеде Баянның қазақтары Ерейменнен көктей өтіп, Бұланды – Моншақты жайлап, мал семірген уақытта Қызылжарда саудасын жасап қайтады деп күні кешеге дейін біздің қариялар жырлап отырды. Құрамында Қаз дауысты Қазыбектің немересі Жанай, төртуылдан Ботақан бар базаршылардың Жаман Жалғызтау бойында Абылай төлеңгіттерінің қолына іліккені анық. Хан қадірін білмеген Қаз дауысты Қазыбектің інісі мөр тандайлы Балапан қолдарына түспей, Жанай мен Ботақанды ұстап ұраға (зынданға) салған жері осы.

1780 жылы Абылайдың хатшысы және орыстың тыңшысы Ягуда Усманов Орынбор губерниялық кеңсесіне осы Жалғызтаудағы ордадан аттанған. Оны мына архив құжаты растайды: «Он, Ягуда, остался при доме Аблай-хана против Петропавловской крепости построенном, с детьми ханскими и семейством. Нынешним летом (1780 жылды айтып отыр-Ж.А.) в начале октября месяца до отъезду его сюда дней за пятнадцать возвратились от Аблай-хана в отцовский дом дети ево, Чингиз да Ишим-солтаны...»

Абылайдың екінші қысқы ордасы «Ханның Қызыл ағашы» аталатын жерде, Бурабайдың теріскейінде болғаны қазақтың тарихи әңгімелерінен белгілі. Қазіргі уақытта ол жерде Қызылағаш ауылы бар, біз сол ауылда Тоқан Көбенев деген ақсақалмен әңгімелестік. Совет заманында «Фрунзе» аталған ауыл.

Қарап тұрсаңыз ауылдың маңы тұнып тұрған тарих. Мына жер «Абақай қыраты» дейді ақсақал бір төбені көрсетіп, ол жерде қалмақ ханының қызы жерленген-мыс. Мына жер «Ораздың ұйтасы» аталады дейді, бір емес үшеуі тұр ғұн дәуірінде көтерілген ұйтастың. Мына жер «Ескі қорым» дейді, аралап қарасақ көне дәуірдің мұртты қорғандары т.б. ескерткіштер жатыр. Қазақ болған соң ру сұрамай жүре алмайсың. Ақсақалдың айтуына қарағанда ауылда үш жүздің өкілі түгел, үйсін де бар, алшын мен керейіт те бар, арғын, уақ, керей, қыпшақ т.б. Олардан басқа қалмақ, қырғыз, естек ұрпақтары ауылды мекен етеді. Осыдан кейін бұл жер Абылай ордасы емес деп кім айта алады?! Менің түсінгенім Бурабайдың өз басы қорық болған, ертеден бері хандардың жаз демалатын жері «қорық» атанады. Оның үстіне қалың қарағайдың ішіне малмен кіріп отыру мүмкін емес екені мал баққан елдің баласына түсінікті. Ендеше Абылайдың негізгі қыстауы осы Қызылағаш деген пікірдеміз.

1776 жылы Орынбордан келген капитан Брехов Абылайдың осы Қызылағаштағы ордасында болған. «В зимнее киргис-кайсацкого Аблай султана при горе, называемой

Кукчатау, прибывание прибыв на другой день, то есть 2 февраля, и спрося пред него султана допуск, при изъявлении вашего высокопревосходительства почтении, губернаторское и ваше письмо ему, солтану, сидевшему в убранном из построенных ему деревянных в одном покое в присутствии детей его подал» дейді өзінің рапортында Брехов. Қариялардың айтуына қарағанда бұл он екі бөлмелі үлкен орданың орыны бертінге дейін сақталған, қасиетті жер деп ауыл-ел алыстан айналып жүреді екен.

Әңгіме төркініне қарағанда Абылайдың ағаштан салынған екі ордасы болған. Біреуі жоғарыда айтылған Жаман Жалғызтауда, екіншісі Көкшенің өз басында.

Осы жолы Абылай хан орыс үкіметіне өзінің қазақтың үш жүзінің басты ханы екенін, ол хандық атақты Түркістанда Әзіреті Сұлтан («при гробе Святого Ходжи Ахмета») басында алғанын («через трех орд ханов, солтанов, старшин киргисцов, ташкенцов и туркестанцов самолутчих людей, с общего согласия с тем, чтоб ему быть над всеми ханами главным»). Абылай елшіге тағы бір ескерткен мәселесі: *«при чем де по обычаю их и по образу прежде возведения ханом прочтена утвердительная молитва, а по ней де и действительно на ханство возведен поднятием пред всем собранием на белой кошме»*. Бұл қазақ дәстүрінде үш жүздің ханы атану үшін орындалатын ең басты қағидалар, Әбілқайыр 1737 жылы қазақтың үлкен ханы болып сайланды деп сәуегейлік айтып жүрген қауым осы қағидалардың болғанын еске ұстауы керек.

Енді бастаған тақырыбымызға қайта оралайық. Қызылағаштағы сегіз бөлмелі хан ордасын кім салды? Бұл жұмбақтың шешімін біз анықтай алмадық, мүмкін қазақтың өз арасынан шыққан ағаш ұсталары шығар?! Жаман Жалғызтаудағы ханның ағаш үйінің тағдыры не болды? 1776 жылы сәуір айында Сібір әскери шептерінің басшысы генерал-майор А.Скалон Сыртқы істер коллегиясына Абылайдың ағаш үйді өзге жерге ауыстыру туралы ұсынысы болғанын жазады: «о переносе его преждняго на другое место за малоимением при нынешнем дров и для мелкого скота кормов». Бірақ тағы бір ескеретін мәселе бар, жергілікті басшылық Абылайдың ағаш үйін өзге жерге ауыстыруды Абылайдың ұлдарының біреуінің Санкт-Петербургке баруымен байланыстырады: *«ежели ...сын ево в С-Петербурге возметца, то те наши работные люди без всякой опасности в ево стороне при переноске объявленного дому употребятца»*. 1779 жылы ол орда орнынан қозғалмағаны туралы менде деректер бар.

Бұл келіссөздер көп уақытқа созылды. Балаларының ішінен аманат сұраған Ресей үкіметіне Абылай қойған шарттар (баласына тархан атағын беру, қазақтарға Ресей жерінде емін-еркін жүруге рұқсат, шекаралық командирлердің қазаққа оң көзқараста болуы, ханның қолына орыс әскерін беру т.б.) орындалмады. Оның үстіне Абылай хан Ресейге адалдық жөнінде Қызылжарға келіп ант беруге келіскен жоқ, патшаның жіберген сыйлықтарын да алмады. Оылайша Абылайдың Тоғым деген баласы қосшыларымен Санкт-Петербургте тек 1778 жылы аттанды, оның өзінде аманатқа емес, елшілікке, патша жүзін көруге.

Менің ойымша екі ортадағы осындай дүрдараздыққа байланысты Жаман Жалғызтаудағы «Абылайдың ақ үйін» хан өлгеннен кейін орыстар Қызылжарға көшіріп алып келуі әбден мүмкін. Қазақтың ортасында айтылатын тарихи аңыздардың түбінде аз да болсын шындық барына мен өз басым сенемін. Бірнеше ғасыр бойы бұл әңгіме текке айтылып келе жатқан жоқ.

Абылай хан қашан қайтыс болды?

-Абылай (Сабалақ, Әбілмансүр, Абылай- сұлтан, Абылай бахадүр) -бір тұтас қазақ мемлекеттілігін Әз Тәукеден кейін қайта жаңғыртқан, ішкі және сыртқа саясаттың данышпан үлгісін салған ұлы билеуші.

Енді Абылай хан қай жылы қайтыс болды деген мәселеге келсек, бұл турасында нақтылық жаңа туындап келе жатқан сияқты. Абылай ханның қайтыс болған жылы 1781 жылдың басы, осы жылдың жазғы шілде-тамызында Абылайға Қараой деген жерде ас беріліп, оның үлкен ұлы Уәли хан сайланған. Соңғы жылдары И.Ерофеева Абылайдың

қайтыс болған жылы 1781 емес 1780 деп өзінше жаңалық ашып жүр. Ресей ол кезеңде қазақ саясаты туралы мәліметті толық ала алмайтын. Ханның өлімі туралы хабар да Ресейге кеш жетті, ал Уәлидің әкесінің тағына отырғанын орыстар Абылайдың асы өткеннен ғана кейін білген. Ресейдің хан сайлау барысына араласа алмай қалғаны көп уайым болған, кейіннен осы мәселені орыс командирлері мен Сыртқы істер Коллегиясы бірнеше рет талқылағаны белгілі.

Сонымен қазақтың ұлы ханы қай жылы қайтыс болған ? Ресейдің архив құжаттары Абылай ханның 1781 жылдың ақпанында 68 жасында (на шездесят девятом году) қайтыс болғанын куәлендіреді. Бұл дата қазақ ауызша тарихының деректерімен де толық сәйкес. М.Ж.Көпейұлы жазбасына жүгінейік: *«Сонан соң Абылай сол Арыстың бойындағы бір қорғанға түсіп, алтыс сегіз жасында, жұма күні дүниеден қайтып, сол жер осы күнде «Хан қорғаны» атаныпты. Сүйегін теңге салып, Түркістан шаһарындағы Хазірет сұлтан Алғарфин Әулиенің күмбезіне алып келіп қойыпты»*(Көпейұлы М.Ж.Шығармалары. 8 т. Павлодар, 2006. -194 б.). Абылайдың қатысуымен болған Сарыбел оқиғасы, Самарқандқа жорық жасамақ болғаны, Тәшкент, Шымкент, Сайрамды бағындырып хандықтың құрамына қайта қосқаны, оның қаза болуымен тікелей байланысты, толық жазсаң бір кітап шығады. Қысқаша осы.

Қазақстан тарих ғылымы қашанда саясаттың қолында қақпақыл болып келді, енді келіп тәуелсіздік жана күш, шабыт, қолдау береді деп сенген едік, бірақ тарихшылардың орынын ширақ азаматтар мен квазитарихшылар алып қойды. «Ғылым инемен құдық қазғандай» еңбек, жоғарыда айтылған әр мәселе маған дейінгі тарихшылардың және менің осы тақырыпта ондаған жылдар көз майын тамызып тапқан деректерге негізделеді. Бүгінгі күні тек Абылайдың ғана емес, сол заманның басқа да қасиетті тұлғаларының туған-өлген жылдарын дұрыс белгілеу қажет екені анық. Мысалы бір ғана Бұқар жыраудың туған-өлген жылдарына қатысты ондаған даталар бар, ал дұрысы 1683-1780; Өз Тәуке ханға байланысты да бірнеше дата бар, дұрысы -1630-1715; Қаз дауысты Қазыбек те солай, дұрысы-1665-1763; Әйтеке бидің туған-өлген жылдарын нақты атай алмаймын, шамасы 1640-1720 жылдар; Ақтамберді жырау -1675-1768 жылдар болуы тиіс, Бөгенбай батыр-1690-1775 жылдар; Шұбарайғыр Қожаберген батыр -1700-1780-ші жылдарға жақын. Ең бастысы ХУІІІ ғасырдағы Қожабергендердің ішіндегі ең танымалы осы Қожаберген, ал Көшебе Қожаберген жырау болды деген бір сенімді деректі көрсем көзім шықсын. Бұл шаруаға жүрдім -бардым қарамай мемлекет тарапынан дұрыс, ғылымға адал зерттеушілерге тапсырыс беріліп отыру керек, әйтпесе қай елдің ғылымында болмасын жолайрық кезінде жолбике көбейіп кетеді.

Жамбыл Омарұлы Артықбаев

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры